# Қаза халқының салт- дәтүрлері
# Қолөнер- сырлы өнер Әдеби тіл.
# Дауыссыз дыбыстардың жазылуы
# Бірге және бөлек жазылатын сөздер

**Дауыссыз дыбыстардың жазылуы**

1. *Ж, з, к, қ, л, м, н, п, р, с, т, ш* дауыссыз дыбыстары сөздің барлық буындарында кездеседі: *қазақ, заң, момын, күрек, наным, рас, шам, сот, нан* т.б.

2. *Й, ң, һ* дыбыстары сөздің басында (*йод* сөзі нен басқа) қолда нылмайды, тек сөздің ортасында және аяғында қолданылады: *жаңа, аң, жай, қайрат, қаһар* т.б.

3. *В, ф, ч, ц* дыбыстары қазақтың байырғы сөздерін де қолданылмайды, ал кірме сөздердің барлық буындарында қолданылады: *автор, диф тонг, диспетчер, концерт, цех, матрац* т.б.

4. *Щ* дыбысы қазақтың *ащы, тұщы* деген байырғы сөздерінде ғана қолданылады.

5. *Х* дыбысы араб-парсы тілдерінен және орыс тілінен енген бірқатар сөздерде кездеседі: *хат, хабар, халық, технка, химия*.

6. *Б, в, г, д* дыбыстары қазақтың байырғы сөздерінде сөз аяғында қолданылмайды, тек орыс тілінен енген сөздердің аяғында қолданылады: *актив, отряд, устав, клуб* т.б. Ал *ғ* дыбысы сөздің басында және ортасында келеді: *ғарыш, ағаш, самға* т.б.

7. *Й* дыбысына аяқталған етістікке тұйық етістіктің *-у* жұрнағы жалғанса, бұл екі әріп бірігіп, *-ю* болып жазылады: *той+у-тою, жай+у-жаю.* Ал көсемшенің *-а* жұрнағы жалғанда, бұл екі әріп *я* әр пі не өз гереді: *Жой+а-жоя (жоя алмады), жай+а-жаса (жаса бастады)*.

**1)** дүдәмал естілген үш буынды сөздердің ортасында түсірілмей жазылады: *абырой, айырым, ақымақ, саңырау, қоңырау*

**2)** сөздің соңғы буыны **і, ы** болып оған тәуелдік жалғауы жалғанғанда түбірдегі **ы, і** дыбыстары сақталынып жазылады: *бақыт+ы – бақыты,*

**3)** сөз тәуелденіп соңғы дыбысы ұяңдағанда **ы, і** әріптері түсірілмей жазылады: *көрік – көрігі, білік – білігі* т.б. Кейде түсіріліп жазылады (мағына ажыратушылық қызметатқарғанда): *көрік – көркі*

**ы, і** әріптері:

**4) Л, Р** әріптерінен кейін **а, ә, е, у, и, ұ** әріптері келсе, бұлардың алдынан **ы, і** әріптері естілгенімен жазылмайды: *лақ, лай, лаж, лайық, риза, рәсуа*

**5)** шұғыл айтылатын сөздерде жазылмайды: *жалт-жұлт, жарқ-жұрқ*

**6)** бірен-саран буындардың ортасында жазылмайды: *медресе, мәжнүн, малғұн, баурау, лоблу, сахна, яғни* т.б.

**7)** кейбір сөз/ң соңғы бу/да **ы, і** әріптері болып, оған дауыстыдан баст.қосымша жалғ/да **ы, і** айтылуда да,жазылуда да сусып түсіп қалады:*жиын+а – жина*т.б. ал *ойын+ым – ойыным,жиын+ың – жиының* дег/де **ы** түсірілмей жазылады.

MyShared

# ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАР

Айтылу кезінде ауа өкпеден кедергісіз шығып, үннен ғана тұратын дыбыстарды дауысты дыбыстар дейміз.

**Дауысты дыбыстардың жіктелуі**

**Дауысты дыбыстар тілдің қатысу қалпына қарай:** жуан және жіңішке; **жақтың ашылу қалпына қарай:** ашық және қысаң; **еріннің қатысу қалпына қарай:** еріндік және езулік дауысты дыбыстар **болып табылады.**

**Жуан дауыстылар:** ***а, о, ұ, ы, у***

**Жіңішке дауыстылар:** ***ә, е, ө, ү, і, и.***

**Ашық дауыстылар:** ***а, ә, о, ө, е.***

**Қысаң дауыстылар:** ***ұ, ү, ы, і, и.***

**Еріндік дауыстылар:** ***о, ө, ұ, ү, у.***


Әдеби тілдің өмір сүру формасы қандай?
Әдеби тіл деп нені түсінеміз?
Әдеби тілге не енеді?


Мәтін түрлері
Әңгімелеу
Сипаттау
Пайымдау
Сұрақтары:
не істеді?
қайтеді?
Сұрақтары:
қандай? Қай?
Сұрақтары:
неліктен?
Не себепті?
Құрылымы:
1.Оқиғаның басталуы
2. Оқиғаның одан әрі дамуы
3. Оқиғаның аяқталуы
Құрылымы:
1. Түрі
2. Сипаты
3. Ерекшелігі
Құрылымы:
1. Дәлелденетін пікір
2. Дәлелдеу

## Бірге жазылатын сөздер

1. Тұлғасы өзгертіліп кіріккен сөздер: *бүгін (бұл күн)*, *биыл (бұл жыл)*.

2 . *Еш, кей, бір, қай, әлде* сөздерімен біріккен есімдік, үстеулер: *ешкім, біржола, әлдеқашан*.

3. Терминдік мәнге ие болған атаулар: *сөзжасам, баспа сөз*.

4. Екі-үш түбірден құралған аң-құс, жан-жануар, өсімдік және т.б. атаулары: *қара торғай, бірқазан, алабота*.

5. Екінші сыңары *аралық, ішілік, тану* деген сөздер: *халықаралық, мектепішілік, абайтану*.

6. Бірінші сыңары шеттілдік; екінші сыңары қазақ сөздерінен тұратын біріккен сөздер: *инфрақызыл, фотосурет, автокөлік, аэрошана, агроөнеркәсіп*.

7. Екі-үш сөзден құралған кісі аттары мен географиялық атаулар: *Айнұр, Орынбасар, Екібастұз, Ақсу*.

8. Екінші сыңары *ұлы, қызы* болып келген кісі тегі: *Момышұлы, Сұлтанқызы*.

Назарларыңызға рахмет!